

"Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 30 маусым N 905. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1260 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1260 Қаулысымен.

Аурудың алдын алу және салауатты өмір салтын ынталандыру бөлігінде ел Президентінің Қазақстан халқына "Қазақстан-2030" Жолдауының ережелерін және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 22 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, сондай-ақ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын және жарты жылдың қорытындысы бойынша 20 қаңтардан және 20 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне оның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 22 қаулысымен.

2-1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасының іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 22 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы

3 0 м а у с ы м д а ғ ы
N 9 0 5 қ а у л ы с ы м е н
"бекітілген"

"Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы

1 . П а с п о р т

Ескерту. 1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446 ,
өзгерту енгізілді - 2003.12.30. N 1357 , 2006.01.06. N 22 қаулыларымен.

Атауы "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы
Әзірлеудің негізі Ел Президентінің Қазақстан халқына
"Қазақстан-2030" Жолдауын, Қазақстан
Республикасының денсаулық сақтау ісін
реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру
және салауатты өмір салтын ынталандыру жолымен
ауруды болдырмау мақсатында

Негізгі әзірлеушілер Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау министрлігі

Мақсаты Халықтың денсаулығын жақсарту

Міндеттері Республика халқының салауатты өмір салтын
қ а л ы п т а с т ы р у ;
салауатты өмір салтының артықшылығы туралы
халықтың хабардар болуын арттыру;
алғашқы медициналық-санитарлық көмек
деңгейінде денсаулықты нығайту;
аурудың алдын алу жүйесін нығайту;
созылмалы жұқпалы емес аурулардың,
жарақаттардың, жазатайым оқиғалардың алдын
алу және ерте анықтау жөніндегі шараларды
әзірлеу және жетілдіру

Қаржыландыру көздері Республикалық бюджет қаражаты есебінен

2003 жыл	-	31505,0	мың теңге
2004 жыл	-	34800,0	мың теңге
2005 жыл	-	36000,0	мың теңге
2006 жыл	-	88590,0	мың теңге
2007 жыл	-	93130,0	мың теңге
2008 жыл	-	95907,0	мың теңге

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

2006 жыл - 168254,7 мың теңге

2007 жыл - 187682,0 мың теңге

2008 жыл - 200646,1 мың теңге

Іс-шараларды іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатының көлемі тиісті қаржы жылына арналған тиісті бюджеттердің жобаларын әзірлеу және қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады

Іске асыру мерзімі	1999-2010 жылдар
	1-кезең - 1999-2000 жылдар
	2-кезең - 2001-2002 жылдар
	3-кезең - 2003-2005 жылдар
	4-кезең - 2006-2008 жылдар
	5-кезең - 2009-2010 жылдар

2. Кіріспе

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446 , 2006.01.06. N 22 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа " Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-аухатының артуы" Жолдауында жеті ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі ретінде "Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуы және әл-аухатының артуы" айқындалған. Өз Жолдауында еліміздің Президенті денсаулық сақтаудың анағұрлым өзекті проблемаларына және оны шешуге барлық қоғамның қатысуына: ауруларды болдырмау және салауатты өмір салтын ынталандыруға; нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күреске; алкоголь мен темекіні пайдалануды қысқарту; әйелдер мен балалардың денсаулығын жақсарту; тамақтануды жақсарту, қоршаған ортаның тазалығына және экологияға ерекше назар аударған.

"Қазақстан-2030" стратегиясына сәйкес салауатты өмір салтын қалыптастыру және ынталандыру мәселелерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы (бұдан былай ҚР мәтінде) Үкіметінің 3.12.97 ж. N 1678 қаулысымен ҚР Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі жанында Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының Ұлттық Орталығы (СӨСҚП ҰО) құрылды. Осы кезде біздің елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметі құрылған.

ҚР Президентінің 10.01.98 ж. N 18-И тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ " Халықтың денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасының қағидаларын орындау үшін ҚР Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі "Салауатты өмір салты " Республикалық кешенді бағдарламасын жасады, ол республикада салауатты өмір салтын қалыптастырудың ұлттық саясатын жүзеге асырудың

тұжырымдамалық негізі және іс-әрекет жоспары болып табылады.

Бағдарламасының негізгі компоненттері: сапалы және тиімді тамақтану; есірткімен, алкогольмен және темекімен күрес; қауіпсіз секс, ВИЧ/СПИД-тің, жыныстық жолмен берілетін аурулардың, жұқпалы аурулардың алдын алу; созылмалы жұқпалы емес аурулар, жарақаттар, жазатайым оқиғалар; дене тәрбиесі; денсаулық және қоршаған орта болып табылады. Бағдарламаның аталған компоненттерін жүзеге асырудағы басымдық бағыттар ретінде: ақпарат, білім, коммуникация; оқу бағдарламаларын жасау; қолданбалы жасалымдар; құқықтық орта; медициналық-санитарлық алғашқы көмек анықталған.

Основным исполнителем программы является Министерство здравоохранения Республики Казахстан с привлечением по согласованию других министерств и ведомств.

(РҚАО-ның ескертуі. Кіріспенің 6-абзацы мемлекеттік тілдегі мәтінде аударылмай қалған.)

Бағдарламаны орындауға республикалық және жергілікті бюджеттерде салауатты өмір салтын қалыптастыруға бөлінген қаражаттар, сондай-ақ халықаралық донор ұйымдардың инвестицияларын тартылу жоспарлануда.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446 қаулысымен.

1. Салауатты өмір салты: Халықаралық тәжірибе және Қазақстанның стратегиясы <*>

Ескерту. 1-тарау алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446 қаулысымен.

3. Қазақстандағы проблеманың жай-күйін талдау <*>

Ескерту. Тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446, өзгерту енгізілді - 2006.01.06. N 22 қаулыларымен.

Қоғамның әлеуметтік аман-саулығының деңгейін анықтайтын көрсеткіш болып табылатын халық денсаулығының күйі белгілі бір дәрежеде экономикалық, экологиялық және үлкен дәрежеде әлеуметтік факторларды айқындайды. Көп жылдар бойы қалыптасқан халықтың денсаулық күйінің көп өзгере қоймаған көрсеткіштері теріс үрдістерден арыла қойған жоқ. Халықтың өсуі мен бала туу қарқыны төмендеп келеді. Әйелдер мен балалар денсаулығын сипаттайтын көрсеткіштер төмен күйінде қалуда. Бұрынғысынша жалпы өлім-жітімнің көрсеткіші жоғары. Туберкулез, вирустық гепатит бойынша жағдай шиеленісуде, жыныс жолымен берілетін аурулар және СПИД бойынша жағдай бұрынғысынша алаңдатарлықтай.

1970-ші жылдардан бастап Қазақстан халқының өлім-жітім көрсеткіші біртіндеп өсе бастаған. 1980-ші жылдары жағдай бірыңғай тұрақтанған. Алдағы өмір сүрудің орташа ұзақтығының 1980 жылы 66,9 болған көрсеткіші 1990 жылы

өзінің шыңына (68,7) жетті. Бірақ бұл сан әйелдерге қарағанда (73,4) ер кісілерде анағұрлым төмен (63,9) болды.

Алайда, бұл көрсеткіштер ДДҰ Европалық аймағындағы 50 елдің ішіндегі ең төмен көрсеткіштердің бірі болатын. Соңғы (1990-1996) жылдары республика халқының алдағы орташа өмір сүру ұзақтығы көрсеткіші: ерлерде 59,7 жасты құрап 4,1 жылға және әйелдерде 70,4 жасты құрап 2,7 жылға күрт төмендеді. Жоғарыда айтылған мәліметтер Қазақстан халқының денсаулығы күйінің қолайлы жағдайда еместігінің куәсі.

ҚР облыстарындағы алдағы орташа өмір сүру көрсеткіші бір-бірінен өзгеше: алдағы орташа өмір сүру ұзақтығының ең төменгі көрсеткіші Қарағанды облысында (61,3) болса, ал ең жоғары көрсеткіші (66,6) Алматы облысында.

Бұл көрсеткіштің ер кісілерде 60 жастан асатыны екі облыста ғана (Алматы - 61,4, Оңтүстік Қазақстан - 61,2).

Қазақстан Республикасы алдағы орташа өмір сүру ұзақтығы бойынша Орталық Азиядағы 5 елдің ішінде Түркменстанның алдындағы соңғы орынды иеленеді. Бұл көрсеткіш Батыс Еуропа елдерінде Қазақстандағыдан 10-15 жылға артық.

Өлім-жітім мен алдағы орташа өмір сүру ұзақтығының көрсеткіштері жігіт жасындағы ер-азаматтардың бойындағы келеңсіздіктерді көрсетіп отыр. Мұндай жағдай экономикалық, әлеуметтік және адами тұрғыдан үлкен зиян шеккізеді. Сондықтан да салауатты өмір салтын дамытудың саяси стратегиясы қажет.

Стратегияны жасарда осы теріс құбылыстардың ғылыми түсіндірілуіне аяқ т і р е у к е р е к .

Созылмалы жұқпалы емес аурулар (бұдан әрі - СЖЕА) бүкіл әлемде өлім-жітім мен мүгедектіктің басты себебі болып табылады. Бүгінгі таңда СЖЕА-дан өлім-жітім деңгейі бойынша - Еуропа елдерінде 100 мың халыққа шаққанда - орта есеппен 300 адам болса, Қазақстан 100 мың халыққа шаққанда 809 адамнан келіп, Орталық Азия, ТМД елдерінің, Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің арасында бірінші орын алып отыр.

Барлық СЖЕА арасында аурулардың жалпы құрылымына қосатын үлесі бойынша анағұрлым елеулілері жүрек-қан тамырлары, онкологиялық аурулар, диабет және жалпы өлім-жітім құрылымының 50 процентін құрайтын тыныс алу мүшелерінің тән емес созылмалы аурулары болып табылады.

Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім өлім-жітімнің барлық себептері арасында алда тұр.

Қатерлі ісік диагнозы алғаш қойылған науқастар санының 20 проценті аурудың төртінші сатысында-ақ есепке алынады. Сырттан орын алған қатерлі ісіктерді, мысалы, сүт безі рагын кеш диагностикалаудың жоғары проценті ерекше алаңдаушылық туғызып отыр (56,1 проценті). Осының салдарынан,

диагнозды белгілегеннен кейінгі бір жылдың ішінде науқастардың 14,7 проценті қайтыс болады, өмірдің 5 жылға ұзаруы 50 процентті құрайды. Мемлекет зор әлеуметтік және экономикалық залалға ұшырайды. Қымбат тұратын емдеуге және мүгедектік бойынша мемлекеттік жәрдемақыларды төлеуге арналған қаражат бір науқасқа 1,5 млн-нан астам теңгені құрайды. 65 жасқа дейінгі ер адамдар арасында рак салдарынан өлім-жітім Орталық Азия өңірінің басқа елдерімен салыстырғанда Қазақстанда өте жоғары.

Өлім-жітім бойынша үшінші орында жарақаттар мен уланулар тұр, алайда, еңбекке қабілетті жастағы (16 - 62,5 жас) ер адамдардың өлім-жітімінің себептері арасында жарақаттар 2-орын алады. Соңғы жылдар ішінде жарақаттарға, улануларға және жазатайым оқиғаларға байланысты өлім-жітімнің өскені б а й қ а л а д ы .

Жыл сайын 615 мыңнан астам жарақаттану мен улану оқиғалары тіркеледі.

Ең жоғары көрсеткіштер 15-17 жастағы топ жасөспірімдерінің арасында б а й қ а л ы п о т ы р .

Бронхиалдық демікпемен, қант диабетімен аурушаңдықтың жыл сайын үздіксіз өсуі Қазақстан үшін өзекті проблема болып қалып отыр.

Соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық қиындықтары халықтың өмір сүру деңгейінің айтарлықтай төмендеп кетуіне, қоғамдық теңсіздіктерге және елдегі болып жатқан өзгерістерге психологиялық бейімделудің қиындықтарына әкеліп соқты. Мұның барлығы да халықтың денсаулығына өте кері әсерлерін т и г і з д і .

Өлім-жітімнің негізгі себепшілерін анағұрлым төмен жастағы топтарда кең ауқымда аластатуға болады. Бұл себепшілердің қатар туғызу факторлары да жақсы таныс және де әлемдік зерттеулерде дәлелденген. Олар темекі тарту, маскүнемдікке салыну, дұрыс тамақтанбау (майды көп пайдалану, көкөністер мен жемістерді аз тұтыну), қимылдың аздығы және психикалық-әлеуметтік проблемалар болып табылады. Бұл факторларға экономикалық, әлеуметтік және табиғи айналаны, қолайсыз экологиялық жағдайлар мен кедейлікті қосыңыз.

Д е н е ш ы н ы қ т ы р у

Республикада 100 ересек адамның 8 ғана дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысады, балалар мен жасөспірімдердің 5%-інде ғана мектептен тыс мекемелердегі спорт секцияларында шұғылдануға мүмкіндігі бар.

Жалпы алғанда қабылданған есептік үлгідегі нормативтердің спорт ғимараттарымен қамтамасыз етілу проценті аймақтағы халық санының: спорт залдары бойынша - 24,4%, жүзу бассейндері бойынша - 35,5%, жазықтық спорт ғимараттары бойынша - 19,9% шаңғы базалары бойынша - 37,9% құрайды.

Жалпы және кәсіби білім алушы оқушыларға арналған оқу сабақтарының көлемі ғылыми-негізделген нормативтерден 3-4 есе төмен. Арнайы медициналық

топқа жатқызылған оқушылар мен студенттердің тек 47,3%-не ғана мамандандырылған топтарда сабақ алуына жағдай жасалған.

Балалардың жасөспірімдік спорт мектептерінің саны айтарлықтай төмендеп кеткен. Жаттықтырушы кадрлар 35%-ке, шұғылданатындардың саны 50%-тен а р т ы қ қ ы с қ а р ғ а н .

Ұйымдар мен мекемелерде, сондай-ақ халықтың тұратын және демалатын орындарында дене шынықтыру-сауықтыру және алдын алу жұмыстары жүйесі ж о қ .

Диспансерлік және консультациялық қызметтер жүйесі, емдеу-алдын алу к а б и н е т т е р і ж о қ б о л д ы .

Дене тәрбиесі, көпшілік спорты мен дене шынықтыру мен спортты дамытуға арналған қосымша қаражаттарды тарту үшін материалдық ынталандыру және салық жеңілдіктері жүйесін қаржыландыру жеткілікті емес.

Т а м а қ т а н у

Антропометрия мәліметтеріне сүйене отырып, 15 жастан жоғары халықтың 47% (30% ерлер және 53,0% әйелдер) тойып тамақтанбайды.

Жалпы республика бойынша бала табатын әйелдер 46% темір жетіспейтін анемиямен ауырады, темірдің жетіспеушілігінің ауыр емес түрі 70% жағдайда, ал анемияның ауыр түрі 2,8% жағдайда кездеседі. Ерте жастағы балалардың ішінде 69,2%-нің анемиясы бар, олардың ішінде үштен бірінде айқындалған анемия, 5% -інде оның ауыр түрі кездеседі.

Топырақтағы, судағы және тамақ өнімдеріндегі йодтың жетіспеушілігі жөнінен республиканың 14 облысының 11-і эндемиялық болып табылады, оңтүстік және шығыс аймақтардағы жағдай анағұрлым өте күрделі. Қазақстанның оңтүстігін мекендеген халықтың ішінде гипотиреоз (қалқанша без қызметінің нашарлауы) 6-8%-інде кездессе, ал гипотиреозбен сырқаттанған әйелдерден туған балалардың ішінде ол 14 процент. Неонатальді гипотиреоздің жиілігі 7,3%-ті құрайды. Емізулі әйелдердің ішінде гипогалактия (емшек сүтінің азаюы) республика бойынша орташа есеппен 32% құрайды. Нәрестелердің 40%-тен астамы 4 айлығынан бастап жасанды немесе аралас тамақтанады.

Республикада мамандандырылған емдік-алдын алу тамақ өнімдерінің өнеркәсіптік өндірісі ж о қ .

Таңдап тексерулер халықтың тиімді тамақтану, тамақтанудың ерекшеліктері мен дәстүрлерін сақтау саласындағы білімділігі өте төмен екендігін көрсетіп о т ы р .

Т е м е к і т а р т у

Темекі шегетіндердің саны және олардың Қазақстан халқы қоғамындағы әртүрлі топтардың ішіндегі таралуы туралы тексерілген тура мәліметтер жоқ, тек жекелеген зерттеулер ғана бар. "Қазақстан-Синди" бағдарламасының мәліметтері

бойынша Алматы облысының Іле ауданында ерлердің 61,5% және әйелдердің 9,2% темекі тартады. Барлық жастағы топтардың ішінде ең көп темекі тартатындары 20-49 жас аралығында ерлер.

Темекіге байланысты өлімнің болжанған санының Европа аймағының шығыс бөлігінде тіркелген жоғарғы көрсеткіштері ерлерде ДДҰ мәліметтері бойынша бірінші орында Қазақстан тұр.

Транснациональды темекі компаниялары экономикалық тұрақсыздық пен қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы саясаттың әлсіздігін пайдалана отырып жаңа клиенттерді өзіне тартуда.

Жастар мен әйелдер темекі өнеркәсібі үшін мақсат тұтқан топтар болып табылады.

Әлсіз темекі тарту (ауадағы темекінің исін жұту) кең етек алған, ол өкпе рагін, жүректің біржердегі қанның азаюы ауруын, тыныс ауруларын, сондай-ақ кенеттен болатын жастай өлімді туғызу қатерін күрт асырды, адамдардың салауатты және ластанбаған қоршаған ортаға деген құқықтарын бұзады.

Темекі жекелеген адамдарға, отбасыларына және қоғамға экономикалық зардабын тигізуін жалғастырып келеді.

А л к о г о л ь

Алкогольді тұтынудың таралуы туралы тексерілген ұлттық мәліметтер жоқ. Соңғы уақыттарда республикада маскүнемдікке салынған адамдар санының өсіп келе жатқаны көрініп отыр. Маскүнемдік психоздардың саны үш есеп өскен, олардың ішінде ауыр түріндегілері басым. 1987 жылы ішімдік ішу нәтижесінде өмірінде бірінші рет мінез-құлқы мен психикасы бұзылған 37689 адам есепке алынған. Диспансерлік және алдын алу есептерінде 203672 ауру адам тұр. Соңғы жылда 4565 төсекте 5292 адам жатып емделіп, 1997 жылғы стационарлық емдеуден 31 мың адам өткен.

Е с і р т к і л е р

Нашақорлықтың тексерілген ұлттық мәліметтері жоқ. Соңғы жылдары республикада есірткіні пайдаланған адамдардың саны өсіп келе жатқаны белгілі боп отыр, ал есірткіге тәуелділердің орташа жасы төмендеуде. Проблема криминогендік жағдайға, СПИД пен гепатитті қоса алғандағы әртүрлі жұқпалы ауруларды жұқтыру қатеріне байланысты одан әрі шиеленісе түсуде. ҚР Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің мәліметтері бойынша 1996 жылы 20683 нашақорлықпен ауырғандар тіркелсе, 1997 жылы ол 26584 адамға жеткен. Өмірінде бірінші рет нашақорлық, токсикомания диагнозы қойылған аурулар саны жағынан республикамыз бірқатар ТМД елдерін (Ресей, Қырғызстан, Түрікменстан және т.б.) басып озуда. Нашақорлық патологиясымен тіркелген аурулардың саны Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарында және Алматы қаласында жоғары.

Кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы есірткіні пайдаланудың таралуы ерекше алаңдатады, олардың үлесі 2/3. Соңғы 5 жыл ішінде айқындалған нашақорлықпен байланысты қылмыстардың саны 2,5 еседен көп артып, 1997 жылғы 14817 жағдайға жеткен.

Нашақорлық тәуелділік түрлерінің ішкі құрылымы бүгінгі таңға әлі зерттелмеген.

Жыныстық жолмен берілетін аурулар

1997 жылы Қазақстан Республикасында жыныстық жолмен берілетін аурулармен ауырудың саны арта түскен. Мержбен ауыру қарқыны жалпы алғанда елімізде әрбір 100000 адамға шаққанда 268,9 жеткен: оның азы Ақтөбе облысында - 134,6 және ең көбі Алматы қаласында - 465,5 адам. Ауыруға ұшыраудың келеңсіз жағдайлары байқалуда. Мерж ауруымен тіркелгендердің тек 1/4 ғана өз бетінше медициналық көмек сұраған. Қалған аурулардың барлығы белсенді түрде, негізінен халықтық серомониторингі арқылы анықталған. Жылдан жылға мерзбен ауырудың бастапқы кезеңдерін айқындау төмендеп келеді. Серологиялық тексеруден өткен стационарлық терапевтік және неврологиялық аурулардың ішінен 9320 адамда (2,3% жағдайда!) мерз анықталған, бұл ауруды жасырудың жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.

1996 жылдан бастап туа біткен мерздің жиілігі 2 есе көбейген, ол 1997 жылы жаңа туылған әрбір 10000 адамның 0,41-де тіркелген.

Қазақстанда 1997 жылы тіркелген соз аурулары, хламидиоз, трихомониаз, аногенитальды герпес аурулары әрбір 100000 адамға шаққанда тиісінше 91,1; 20,0; 148,6; 0,9. Бұл мерз бен несептік жыныс мүшелері жұқпалы ауруларының табиғи арақатынасынан айтарлықтай төмен көрсеткіштердің жоғарылығына қарамастан жыныстық жолмен берілетін аурулардың әлі де болса толық тіркелмегендігін көрсетеді.

Жыныстық жолмен берілетін аурулармен ауру жағдайы эпидемия ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл эпидемияның қауіптілігі халықтың гендік қорына, өрбу, психикалық және тән денсаулығына қатер төндіруімен ғана емес, ВИЧ жұқтырудың күшеюі қаупімен де анықталады. Әлемде тіркелген ВИЧ жұқтырғандардың 51% жыныстық жолмен жұқтырған, мұндай 10 адамның 9 соның алдында жыныстық жолмен берілетін аурулармен ауырған.

СПИД-тің алдын алу және күресу жөніндегі Республикалық Орталықтың мәліметі бойынша 1998 жылдың 1 мамырында 667 ВИЧ жұқтырғандар айқындалған, олардың ішінде СПИД-пен ауырғандары - 18, 15 жасқа дейінгі балалар - 10. ВИЧ-тің негізгі берілетін жолы есірткіні қан тамырға жіберу - 83,3%, бұл әсіресе жұмыссыздарда басым.

Осы көрсеткіштердің өсу тенденциясы алаңдаушылық туғызуда.

Вирустік гепатиттер, жедел ішек аурулары және туберкулез

Республикада өсіп бара жатқан вирустік гепатит және жедел ішек аурулары жөніндегі жағдай едәуір қиындап отыр. Жыл сайын 44 мыңнан 55 мыңға дейін вирустік гепатит және жедел ішек аурулары жағдайлары тіркеледі, олардың 80%-і - балалар. Олармен күрес денсаулық сақтаудың негізгі проблемаларының бірі ретінде қарастырылады. 1996 жылмен салыстырғанда вирустік гепатитпен ауыру 1997 жылы 30,1%-ке, жедел ішек ауруы - 18,7%-ке өскен. Ауырудың өсуі республиканың барлық облыстарында да орын алып отыр.

Қалыптасқан жағдайдың негізгі себептері:

- халықтың ауыз сумен, соның ішінде су құбырлары желісімен және құрылымдарымен қанағаттанарлықтай қамтамасыз етілмеуі; елді мекендердің санитарлық жағдайының нашарлауы, санитарлық тазарту мен жақсарту жұмыстарының жеткіліксіздігі;

- мектептердің санитарлық-техникалық жағдайының нашарлауы және оқушылар санының артық болуы, ұйымдастырылған тамақтандырудың және ауыз су мен температуралық режимді сақтауға арналған жағдайдың жоқтығы
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасы туберкулез бойынша қолайсыз эпидемиологиялық жағдайға ие мемлекеттердің біріне жатады. Туберкулез әлеуметтік проблема болып табылады. Республикада жыл сайын 13-14,5 мың туберкулезбен ауыратындар анықталды, 52,2 мың аурулар есепте тұр, олардың 14 мыңы бактерия бөлетіндер. 12,1 мың ауру еңбекпен түзету мекемелерінде жүр. Жыл сайын туберкулезден 6 мың ауру қаза табады.

Қ о р ш а ғ а н о р т а

Бұрынғы жоспарлау идеологиясындағы өрескел қателіктер, экологиялық жобалардың алысты болжай алмауы, өнеркәсіптің тау-кен өндіруді өңдеу секторы басым шаруашылық етудің ерекшеліктері, әскери техникалар мен қаруларды сынауға арналған полигондардың бар болуы, тың және тыңайған жерлерді игерудегі қателіктер ауыр экологиялық зардаптарға: ормандардың біртіндеп азаюына, топырақтың эрозиялануына, Арал теңізінің құрғауына, өзендердің және топырақтардың химиялық ластануына, қышқыл жаңбырларға ж ә н е т . б . ә к е п с о қ т ы .

Қазақстан Республикасының 630 мың шаршы метр алаңы экологиясы нашар жерлерге жатады. Әдеттегідей, экологиялық нашар аймақтар еліміздің адамдар тұратын жерлерінде орналасқан.

Республикада қоршаған ортаның қатер туғызу факторларының мониторингі мен бағалаудың бірыңғай жүйесі жоқ, сондықтан да экологиялық апатты дұрыс түсіну үшін мәліметтер банкін жасау - әрі қарай дамуымыздың қажетті шарты.

К е д е й л і к

Джакарта декларациясы бойынша кедейлік денсаулықтың басты жауы болып табылады. 1996 жылдың маусымында Қазақстан халқының 35%-тен астамы кедейлікте тұрмыс (өмір сүру минимумы көрсеткішінің негізінде).

Қазақстанда қала мен ауылдың арасындағы айырмашылық еліміздің әртүрлі аймақтар арасындағы сияқты айтарлықтай үлкен емес. Еліміздің оңтүстік облыстарында (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл) халықтың 2/3 кедейлікте өмір сүруде.

Отбасының өлшемі мен кедейлік деңгейі өзара тығыз байланысты. Өтпелі кезең көп баланы және асырап отырған адамды бағып-қағып отырған отбасыларына өте қиын соқты. Кедейлік едәуір жағдайда жұмыссыздықпен байланысып жатады. Өтпелі кезеңде өзіміздің азық-түлік өндірісіміз маңызды тамақтану көзі болды, 1996 жылдың маусымында оның үлесіне барлық тұтынған тамақ өнімдерінің 1/3 сәйкес келді. Өз азық-түлік өнімдерімізді шығарудың мүмкіншілігі аман қалу стратегиясының маңызды элементтері болып табылады. Қазақстанда отбасылар арасында едәуір көлемде жеке материалдық көмек көрсету дәстүрі бар, ол әлеуметтік қорғаудың биресми желісі қызметін атқарады.

Ескерту. 3.1, 3.2, 3.3., 3.4, 3.5, 3.6, 3.7, 3.8-тараулар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446 қаулысымен.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері:

Ескерту. 4-тарау жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446 , өзгерту енгізілді - 2006.01.06. N 22 қаулыларымен.

Осы Бағдарламаның басты мақсаты халық денсаулығын жақсарту болып табылады .

Осы Бағдарламаны толық көлемде іске асыру үшін мынадай мақсаттарға жету қажет :

1) халық арасында ұтымды тамақтану жөніндегі білім мен дағдының стандарттарын енгізу және оларды сапалы тамақтандыру бойынша көмек көрсету ;

2) халықтың кең тараған топтарының арасында қозғалыс белсенділігін кеңейту үшін жағдай жасауға көмектесу;

3) ішімдікті қолдануды шектеу жөніндегі ұлттық саясатты әзірлеу, қабылдау және іске асыру ;

4) халық арасында темекі шегуді қысқарту, балалардың, жасөспірімдердің, жастардың арасында олардың, таралуының алдын алу;

5) халықтың әртүрлі топтарының арасында нашақорлықтың бастапқы алдын алуды күшейту ;

6) жастар арасында жыныстық қатынас мәдениетін насихаттау, қатерлі мінез-құлықты халық топтарының арасында алдын алу жұмыстарын күшейту;

7) жұқпалы аурулардың, созылмалы жұқпалы емес аурулардың, жарақаттардың, жазатайым оқиғалардың және басқалардың бастапқы алдын алуды күшейту;

8) экологиялық сауаттылығын күшейту, қоршаған ортаны жақсарту жөніндегі ведомствоаралық көзқарасты қамтамасыз ету;

9) салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі саясаттың көзқарасы тұрғысынан заңнамалық базаны жетілдіру;

10) осы заманғы ақпараттық техниканы пайдалана отырып, Қазақстан халқын денсаулық және салауатты өмір салты туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;

11) мектептерде, орта арнайы және жоғары оқу орындарында салауатты өмір салтының дағдыларына үйрету;

12) салауатты өмір салты жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының алдын алу бағыттарын күшейту;

13) алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесіне Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының салауатты өмір салты жөніндегі бағдарламасын енгізу және оларды салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері жөніндегі осы заманғы материалдармен қамтамасыз ету.

Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) Қазақстан Республикасы халқының салауатты өмір салтын қалыптастыру;

2) салауатты өмір салтының артықшылығы туралы халықтың хабардар болуын арттыру;

3) алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде денсаулықты нығайту;

4) аурудың алдын алу жүйесін нығайту.

5) созылмалы жұқпалы емес аурулардың, жарақаттардың, жазатайым оқиғалардың алдын алу және ерте диагностикалау жөніндегі шараларды әзірлеу және жетілдіру.

Ескерту. 4.1, 4.2, 4.3, 4.4, 4.5-тараулар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446 қаулысымен.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446, өзгерту енгізілді - 2006.01.06. N 22 қаулыларымен.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары:

1) тиісті құқықтық ортаны қамтамасыз етудің негізінде алдын алуға үйлестірілген салааралық көзқарас және денсаулықты нығайту;

2) хабардар болуын арттыруға кешенді көзқарас;

3) жеке, отбасылық, жалпы адамзат және қоғамдық деңгейлерде денсаулықты

сақтау және нығайту жөніндегі халықтың қатынасын кеңейту және білімін ж е т і л д і р у ;

4) халықтың салауатты ұлттық өмір салтын қалыптастырудың стратегиясын әзірлеуде бағдарламаны ғылыми сүйемелдеу, тұжырымдама әзірлеу, проблемаларды анықтау және басымдылықтарды таңдау;

5) аурудың алдын алудың ынталандыру жүйесін жасау, алғашқы медициналық-санитарлық көмектің шеңберінде денсаулықты және салауатты ө м і р с а л т ы н н ы ғ а й т у ;

б) созылмалы жұқпалы емес аурулардың, жарақаттардың, жазатайым оқиғалардың алдын алу және ерте диагностикалау болып табылады.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі тетігі белгіленген іс-шараларды кезең-кезеңмен орындауды көздейтін оны іске асыру жөнінде әзірленген Іс-шаралар жоспары болып табылады. Іс-шаралардың кешенділігі барлық деңгейлердегі салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі қызметті барынша үйлестіруге мүмкіндік береді.

6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Ескерту. 6-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446 , өзгерту енгізілді - 2003.12.30. N 1357 , 2006.01.06. N 22 қаулыларымен.

Мемлекеттік бюджеттен бағдарламаны іске асыру республикалық бюджетте бекітілген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Қаражат(мың теңгемен)	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
Республикалық бюджет	31505,5	34800,0	36000,0	88590,0	93130,0	95907,0
Жергілікті бюджет				168254,7	187682,0	200646,1
Барлығы	31505,0	34800,0	36000,0	256844,7	280812,0	296553,3

Іс-шараларды іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатының көлемі тиісті қаржы жылына арналған тиісті бюджеттердің жобаларын әзірлеу және құру кезінде нақтыланады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер:

Ескерту. 7-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1446 , өзгерту енгізілді - 2006.01.06. N 22 қаулыларымен.

Бағдарламаны сәтті іске асыру тұтастай алғанда: аймақтық және ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, салауатты тамақтану мәдениетін арттыруға, темір тапшылығы анемиясы деңгейін төмендетуге

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа ұтымды тамақтану принциптерін кеңінен насихаттауды қамтуға, балалардың, жасөспірімдер мен ересектердің салауатты тамақтануы жөніндегі оқыту бағдарламасын дамытуға;

салауатты жеке белсенділігін түсіндіріп таратуға, әртүрлі санаттағы халықтың қажетті қозғалыс белсенділігін орындауға, салауатты отбасын насихаттауға;

ішкілікпен және маскүнемдікпен күресудің тиімді шаралары туралы әртүрлі деңгейдегі халықтың қоғамдық ой-пікірін зерделеуге, алкогольді мәдениетті және белгілі мөлшерде қолдану үшін жастар ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейтуге;

темекі шекпей өмір сүру салтын насихаттауға, балалар мен жастардың бойында есірткілер және дұрыс шешім қабылдай білу туралы алынатын ақпараттың сынақтық бағалау дағдысын қалыптастыруға;

қауіпсіз жыныстық мінез-құлық принципі жөніндегі бұқаралық ақпаратты қамтамасыз етуге, неке мен отбасының жоғары мәртебесін бекітуге, жыныстық жолмен берілетін аурулар мен ВИЧ/СПИД туралы қажетті ақпаратты алуы үшін азаматтарды тәрбиелеуге;

жұқпалы аурулардың бастапқы және қайталама алдын алу рөлін күшейтуге, халықтың гигиеналық мәдениетін көтеру мүддесіне бұқаралық ақпарат құралдарын үдемелі қолдануға;

қоршаған ортаның гигиенасы жөнінде дерекқор жасауға, "Салауатты қалалар", "Салауатты жұмыс орындары" және қоршаған ортаның гигиенасы мәселелері бойынша балалар мен жастарды экологиялық-гигиеналық тәрбиелеудің басқа да жобаларын енгізуге;

ДДСҰ-ның "Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер", "Денсаулық университеті" және басқа да халықаралық бағдарламаларды кеңейтуге;

салауатты өмір салтын дамытуды зерттеудің ғылыми инфрақұрылымын, мониторингін және бағалау жүйесін құруға көмектесуге ықпал етуге тиіс.

бағдарламаның 2003 жылдан 2005 жылға дейінгі орта мерзімді кезегін іске асыру нәтижесінде:

темекі тартудың таралуын тұтастай алғанда 5%-ға, оның ішінде балалар мен жасөспірімдер арасында - 6%-ға, ересектер арасында - 2%-ға төмендету;

ішімдікті пайдаланудың таралуын тұтастай алғанда 3%-ға, оның ішінде балалар мен жасөспірімдер арасында - 4%-ға, ересектер арасында - 2%-ға төмендету;

туберкулезбен аурушандықты 3%-ға төмендету;

өткір ішек жұқпалы ауруларының себебі бойынша нәрестелердің өлім-жітімін 15%-ға, өткір вирустық-респираторлық жұқпалы ауруларды 5%-ға төмендету жоспарланып отыр.

2006-2010 жылдары Бағдарлама кезеңдерін іске асыру нәтижесінде: салауатты өмір салтын қалыптастыру, аурулардың алдын алу және халықтың денсаулығын нығайту саласында тиімді саясатты қалыптастыру; БМСК деңгейіндегі алдын алу іс-шараларына арналған ресурстарды ұлғайту; халықтың алдын алу іс-шараларымен қамтылуын 80 процентке дейін ұлғайту;

созылмалы жұқпалы емес аурулары бар науқастардағы асқынуларды ерте анықтау және төмендету жағдайларының санын арттыру; созылмалы жұқпалы емес аурулармен аурушандық көрсеткіштерін т ұ р а қ т а н д ы р у ;

жарақаттардан, жазатайым оқиғалардан және уланулардан болатын аурушандықты, өлім-жітімді, мүгедектікті тұрақтандыру;

БМСК медицина қызметкерлерінің 20 процентін салауатты өмір салтын қалыптастыру және аурулардың алдын алу мәселелеріне оқыту; халықтың 30 процентке дейін ұтымды тамақтану мәселелеріндегі дағдыларын қ а л ы п т а с т ы р у ;

6 айлық балаларды емшек сүтімен қоректендірудің пайдасы туралы халықтың хабардар болу деңгейін 70 процентке дейін арттыру;

халық арасында дене шынықтыру мен спорттың таралуын 3 процентке а р т т ы р у ;

жасөспірімдер мен жастардың арасында темекі шегудің таралуы мен алкогольді т ұ т ы н у д ы т ұ р а қ т а н д ы р у ;

есірткілерді тұтынуға байланысты зияндар мен салдарлар туралы балалардың , жасөспірімдердің, жастардың хабардар болу деңгейін 90 процентке дейін а р т т ы р у ;

ЖЖБЖ, АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу мәселелері бойынша халықтың 50 процентінің хабардар болуын арттыру жоспарлануда.

8. 2003-2010 жылдарға арналған "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасын іске асыру жөніндегі ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Ескерту. 8-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 22 қаулысымен.

р / с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орында- луына (іске асыры - луына жауап- тылар)	Орындалу мерзімі	Болжалды шығыстар (мың. теңге)	Қаржы- ландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7

1. Сапалы және ұтымды тамақтануға жәрдемдесу

1.	Темір тапшылығы жайының алдын алу жөніндегі, ұтымды тамақтану, емшек сүтімен қоректендіру жөніндегі буклеттерді, лифлеттерді, ұтымды тамақтану жөніндегі плакатты әзірлеу	Басылымдар шығару, көбейту, өңірлерге жіберу	ДСМ	2003-2005 ж.ж., 1 тоқсан	2003 ж. - 900,0 2004 ж. - 600,0 2005 ж. - 400,0	Республикалық бюджет*
2.	Йод тапшылығы нәтижесінде бұзылулардың және оның Қазақстан Республикасы халқының арасындағы салдарларының алдын алу жөніндегі материалдарды әзірлеу	Басылымдар шығару, көбейту, өңірлерге жіберу	ДСМ	2003 ж., 2 тоқсан	2003 ж.- 350,0	Республикалық бюджет*
3.	Баспа бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) үшін ұтымды тамақтану қағидаттары жөніндегі материалдарды дайындау	"СӨС-тің өзекті мәселелері, аурулардың алдын алу және денсаулықты нығайту", "Денсаулық" және т.б. журналдарында жариялау және радиодан хабарлар беру	ДСМ (жинақтау), МАСМ	2005 ж., 3 тоқсан	2003 ж. - 300,0 2005 ж. - 100,0	Республикалық бюджет*

4.	Емшек сүтімен қоректендіруді насихаттау жөніндегі іс-шараларды өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2005 ж., 4 тоқсан 2006-2008 ж.ж., 4 тоқсан	2005 ж. - 450,0 2006 ж. - 810,1 2007 ж. - 976,4 2008 ж. - 600,0 2006 ж. - 5214,6 2007 ж. - 7129,0 2008 ж. - 7544,0	Республикалық бюджет* Жергілікті бюджеттер
5.	Қазақстан Республикасының құнарлы тамақтану мәселелері бойынша халқы арасында кеңейтілген зерттеу жүргізу	Бұйрық	ДСМ	2004 жылғы 2 тоқсан	2004 ж. - 400,0	Республикалық бюджет*
6.	Ұтымды тамақтану мәселелері бойынша бастапқы медициналық-санитарлық көмектің (БМСК) мейірбикелері мен құнарлы тамақтану жөніндегі мектептерге арналған дөңгелек үстел өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2003-2005 ж.ж. 1 тоқсан 2006-2008 ж.ж., 4 тоқсан	2003 ж. - 250,0 2004 ж. - 400,0 2005 ж. - 300,0 2006 ж. - 250,0 2007 ж. - 300,0 2008 ж. - 350,0 2006 ж. - 2537,3 2007 ж. - 4223,1 2008 ж. - 4264,7	Республикалық бюджет* Жергілікті бюджеттер
2. Дене шынықтыру мен спортты дамыту						

1.

"Дене
белсенділігі -
денсаулық кепілі",

"Шынығу және
спорт", "Қозғалыс
белсенділігі" атты
плакат,
буклет,
брошюралар
және
әдістемелік
ұсынымдар
әзірлеу

Басы-
лымдар
шығару,
көбейту,
өңірлерге
жіберу

ДСМ
(жинақ-
тау),
облыс-
тардың,
Астана
және
Алматы
қала-
ларының
әкімдері

2003-
2005ж.ж.,
2 тоқ-
сан
2006-
2008ж.ж.,
2 - 3
тоқсан

2003 ж. -
400,0 2004
ж. - 330,0
2005 ж.
- 400,0
2006 ж.
- 810,1
2007 ж.
- 776,4
2008 ж.
- 794,6

						ликалық бюджет*	
						2006 ж. - 2168,4 2007 ж. - 2590,1 2008 ж. - 2977,8	Жергілікті бюджеттер
2.	Медициналық қызметкерлер арасында "Анам, әкем және мен - салауатты отбасы" атты республикалық спартакиаданы және велосипед жарысын ұйымдастыру және өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), МАСМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2004- 2005 ж.ж., 2006-2008ж.ж., 2 тоқсан	2003 ж. - 400,0 2004 ж . - 350,0 2005 ж . - 450,0 2006 ж. - 550,0 2007 ж. - 526,4 2008 ж . - 717,8	Республикалық бюджет*	
						2006 ж.- 2951,4 2007 ж . - 3307,1 2008 ж . - 3606,6	Жергілікті бюджеттер
3.	Халық арасында көпшілікке арналған спорт сайыстарын ұйымдастыру және өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), МАСМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2006-2008 ж.ж., 2 тоқсан	2006 ж.- 16600,0 2007 ж.- 17596,0 2008 ж.- 18652,0	Республикалық бюджет	
						2006 ж.- 1693,7 2007 ж . - 2160,6 2008 ж . - 2483,0	Жергілікті бюджеттер
4.	БАҚ, веб-сайттар үшін дене тәрбиесі белсенділігі жөніндегі материалдарды әзірлеу	БАҚ-та жариялау	ДСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2006-2008ж.ж., тоқсан сайын	2006 ж.- 2633,9 2007 ж . - 2927,9 2008 ж . - 3120,6	Жергілікті бюджеттер	
3. Ішкілікке және							

маскүнемдікке қарсы күрес						
1.	Маскүнемдіктің алдын алу жөніндегі жастар қозғалысы көшбасшылары үшін үйрету тренингін өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), МАСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2003ж., 2006-2008ж.ж., 1 тоқсан	2003 ж. - 650,0 2006 ж. - 610,1 2007 ж. - 576,4 2008 ж. - 200,0 2006 ж. - 1793,3 2007 ж. - 2166,3 2008 ж. - 2252,8	Республикалық бюджет* Жергілікті бюджеттер
2.	Алкогольді тұтыну проблемаларын БАҚ-та жариялау мәселелері бойынша журналистер үшін, маскүнемдіктің алдын алу бойынша мектеп-интернаттардың, балалар үйлерінің тәрбиешілері, ата-аналар үшін үйрету семинарын өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), МАСМ, БҒМ	2003-2005ж.ж., 2 тоқсан	2004 ж. - 550,0 2005 ж. - 800,0	Республикалық бюджет*
3.	Маскүнемдіктің және ішкіліктің алдын алу мәселелері бойынша дөңгелек үстел өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2003-2005 ж.ж., 3-тоқсан 2006-2008 ж.ж., 4 тоқсан	2004 ж.- 300,0 2005 ж. - 300,0 2006 ж. - 710,1 2007 ж. - 726,4 2008 ж. - 300,0 2006 ж. - 887,3 2007 ж. - 1046,8 2008 ж. - 1163,6	Республикалық бюджет* Жергілікті бюджеттер

4.	Қазақстан Республикасында алкогольді тұтынуды шектеу мәселесі жөніндегі, жастар арасында Салауатты өмір салты (СӨС) проблемасы жөнінде кеңейтілген зерттеу жүргізу туралы баспасөз конференциясын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ	2003-2005 ж.ж., 2 тоқсан	2003 ж. - 200,0 2005 ж. - 200,0	Республикалық бюджет*
5.	Ақпараттық-білім беру материалын: маскүнемдіктің алдын алу мәселелері бойынша жастарға арналған буклет, алкогольдің зияны туралы плакат, алкогольдің зияны жөнінде балаларға, әйелдерге, ата-аналарға арналған лифлет әзірлеу	Басылымдар шығару, көбейту, өңірлерге жіберу	ДСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2003 - 2005 ж.ж. 2006-2008 ж.ж., тоқсан сайын	2003 ж. - 500,0 2004 ж. - 700,0 2005 ж. - 400,0 2006 ж. - 810,1 2007 ж. - 776,4 2008 ж. - 794,6	Республикалық бюджет*
					2006 ж. - 1576,5 2007 ж. - 1749,5 2008 ж. - 1974,0	Жергілікті бюджеттер

6.

Жастар
арасында
(4 аймақ,
Алматы, Астана
қалалары)
маскүнемдік-
тің алдын
алу мәселелері
бойынша
білім және
дағды деңгейін
анықтау үшін
кеңейтілген
зерттеу
жүргізу

Бұйрық

ДСМ

2004 жыл,
1 - 2
тоқсан

2004 ж. -
700,0

						ликалық бюджет*
7.	3 айда 1 рет БАҚ үшін мақалаларды басуға материалдар дайындау	"СӨС-тің өзекті мәселелері, аурулардың алдын алу және денсаулықты нығайту", "Денсаулық" және т.б. журналдарында жариялау және радиодан хабарлар беру	ДСМ (жинақтау), МАСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2003-2005ж.ж., 2006 - 2008ж.ж., тоқсан сайын	2003 ж. - 250,0 2004 ж. - 547,0 2005 ж. - 200,0 2006 ж. - 610,1 2007 ж. - 546,4 2008 ж. - 544,6	Республикалық бюджет*
					2006 ж. - 816,4 2007 ж. - 929,7 2008 ж. - 1097,3	Жергілікті бюджеттер
8.	Кәмелетке толмағандарға алкоголь ішімдіктерін сату жөніндегі алкогольге қарсы заңнаманы сақтау бойынша рейдтер ұйымдастыру және өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), ІІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2006-2008 ж.ж., 4 тоқсан	2006 ж. - 550,0 2007 ж. - 600,0 2008 ж. - 750,0	Республикалық бюджет*
					2006 ж. - 578,6 2007 ж. - 635,7 2008 ж. - 686,0	Жергілікті бюджеттер
9.	Маскүнемдіктің алдын алу жөніндегі жобаны үйлестірушілер, педагогтар мен психологтар үшін үйрету тренингін өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), БҒМ	2006-2008 ж.ж., 2 тоқсан	2006 ж. - 650,0 2007 ж. - 700,0 2008 ж. - 700,0	Республикалық бюджет*
4. Темекі және темекі бұйымдарын тұтынуды қысқарту						
	Ерікті ниет білдірушілерге арнал-					

1.	ған үйрету тренингін өткізу. Жастар арасында темекі шегудің алдын алу мәселелері туралы кеңейтілген зерттеулер өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), МАСМ	2003, 2004 ж.ж., 1 тоқсан	2003 ж. - 308,0 2004 ж. - 500,0	Республикалық бюджет*
2.	Темекі шегу проблемаларын БАҚ-та жариялау мәселелері бойынша журналистер үшін, мектеп-интернаттардың, балалар үйлерінің тәрбиешілері, ата-аналар үшін үйрету семинарын өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), МАСМ	2003-2005 ж.ж., 2 тоқсан	2003 ж. - 350,0 2004 ж. - 700,0 2005 ж. - 850,0	Республикалық бюджет*
3.	Темекі шегуді шектеу және алдын алу туралы Заң, "Темекіні таста да жеңіп ал" халықаралық науқаны туралы, темекі шегудің алдын алу туралы жастар арасында өткізілген кеңейтілген зерттеулер бойынша баспасөз конференциясын дайындау	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), МАСМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2003-2005 ж.ж., 2 тоқсан 2006-2008 ж.ж., 2 тоқсан	2003 ж. - 100,0 2004 ж. - 150,0 2005 ж. - 200,0 2006 ж. - 610,1 2008 ж. - 544,6 2006 ж. - 1355,7 2007 ж. - 1500,8 2008 ж. - 1786,6	Республикалық бюджет* Жергілікті бюджеттер
	Ақпараттық-білім беру материалдарын: жастарға арналған темекі шегудің				2003 ж. - 350,0 2004 ж. - 700,0 2005 ж. - 500,0	

4.	зияны және темекі шегуден бас тартуға көмек туралы буклет, Дүниежүзілік темекі шегумен күрес күніне плакат, листовка, темекі шегудің зияны туралы балаларға, әйелдерге арналған лифлет әзірлеу және шығару	Басылымдар шығару, көбейту, өңірлерге жіберу	ДСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2003-2005 ж.ж., 1 - 3 тоқсан 2006-2008 ж.ж., 2 - 3 тоқсан	2006 ж. - 710,1 2007 ж. - 676,4 2008 ж. - 300,0 2006 ж. - 2509,4 2007 ж. - 2635,1 2008 ж. - 2841,5	Республикалық бюджет* Жергілікті бюджеттер
5.	3 айда 1 рет БАҚ үшін мақалаларды басуға материалдар дайындау	"СӨС-тің өзекті мәселелері, аурулардың алдын алу және денсаулықты нығайту", "Денсаулық" және т.б. журналдарында жариялау	ДСМ (жинақтау), МАСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2003-2005 ж.ж., 2006-2008 ж.ж., тоқсан сайын	2003 ж. - 350,0 2004 ж. - 400,0 2005 ж. - 300,0 2006 ж. - 610,1 2007 ж. - 576,4 2008 ж. - 594,6 2006 ж. - 1083,2 2007 ж. - 1229,2 2008 ж. - 1322,9	Республикалық бюджет* Жергілікті бюджеттер
6.	"Темекіні таста да жеңіп ал-2004", "Темекіні таста да жеңіп ал - 2006 және 2008" халықаралық науқанын ұйымдастыру және өткізу	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), БҒМ, МАСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2004 жыл, 2 - 3 тоқсан 2006-2008 ж.ж., 2 тоқсан	2004 ж. - 300,0 2006 ж. - 710,1 2008 ж. - 644,6 2006 ж. - 3338,9 2007 ж. - 3183,3 2008 ж. - 3758,2	Республикалық бюджет* Жергілікті бюджеттер
			ДСМ (жинақ-		2003 ж.- 350,0 2005	

7.	Дүниежүзілік темекі шегумен күрес күнін ұйымдастыру және өткізу	Бұйрық	тау), БҒМ, МАСМ, Еңбек-мині, облыс-тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2003, 2005 ж.ж. 31 мамыр 2006-2008 ж.ж., 2 тоқсан	ж . - 400,0 2006 ж . - 710,1 2007 ж.- 676,4 2008 ж.- 694,6 2006 ж.- 2943,5 2007 ж . - 3066,1 2008 ж . - 3363,3	Республикалық бюджет* Жергілікті бюджет
